

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 14 қазандағы
№ 422 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының
2016 жылғы 12 тамыздағы
№ 499 бұйрығына
3-қосымша

Туғаннан бастап 1 сыныпқа қабылданғанға дейін балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі

№	Дағдылар тізбесі Мектепалды жасы (5 жастан бастап)
Денсаулық сақтау дағдылары	
1	Гигиеналық шынықтыру шараларын өздігінен орындайды.
2	Негізгі қимыл түрлерін орындау кезінде шығармашылық танытады.
3	Командада қимылды ойындарды ұйымдастыру дағдыларын игерген. Қимыл белсенділігіне қарапайым өзіндік бақылауы қалыптасады.
4	Қауіпсіздік қағидаларын саналы түрде орындайды. Шынықтыру шараларының маңыздылығы мен қажеттілігін түсінеді. Күн тәртібін сақтайды.
Коммуникативтік-тілдік дағдылар	
1	Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін біледі және оларды сақтайды.
2	Сөйлеуге сыни қарым-қатынас таныта алады, грамматикалық дұрыс сөйлеуге тырысады.
3	Дұрыс, мәнерлі сөйлей алады. Интонациялық мәнерлеудің түрлі тәсілдерін қолданады.
4	Сөйлеуде антоним, синоним сөздерді қолдана отырып, тілдегі сөздің көп мағыналығын түсінеді.
5	Әртүрлі сөз таптарын, эпитеттер мен салыстыруларды қолдана отырып, монолог құра алады.
6	Оқиғаларды құрастыра алады, астарлы және ауыспалы сөздерді қолданады және түсінеді. Ұйқас және сөздік ойыңға қызығушылық танытады.
7	Кітапқа қызығушылық танытады, өлеңдерді жатқа мәнерлеп оқи алады.
8	Үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасай алады. Буындарды ажыратады. Жазудың қарапайым дағдыларын: қарындаш, қалам ұстауды, алады, сурет салуды, сызықтар сызуды, басып жазуды меңгереді. Қағаздың, кітаптың бетінде бағдарлана біледі.
Танымдық дағдылар	
1	Танымдық әрекет ретінде заттардың қасиеттері мен белгілерін қарастырады.
2	Танымдық міндеттерді көрнекі-қимылдық және көрнекі-үлгілік жоспармен шеше алады, жүйелей және топтастыра алады.

	Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу қабілетіне ие.
3	Құрастырудың бірнеше және қарапайым жинақтау тәсілдерін меңгерген және түрлі нәтиже алу үшін бір және бірнеше тәсілдерді қолданады.
4	Қоршаған әлемнің алуан түрлілігін түсінеді. Өсімдіктердің белгілерін, қасиеттерін, олардың тіршілік ортасын біледі. Табиғат бұрышын мекендеушілерге күтім жасай алады.
5	Геометриялық пішіндердің құрылымдық сипаттамаларын, тура және кері реттегі сандық қатынасты біледі.
6	Қарапайым себеп-салдарлық байланыс орната алады, ретімен және нәтижелі эксперимент жасай алады.
7	Жаңа ақпаратты қызығушылық танытқандарға қалай ұсынуды біледі және түсінеді.
	Шығармашылық дағдылар
1	Балалардың музыкалық аспаптарында ойнаудың қарапайым дағдыларына ие. Халық әндерін, билерін орындайды. Өнді ойдан шығарып айту қабілетіне ие.
2	Бейненің сипатына тән бейнелеудің техникалық тәсілдері мен құралдарын өз бетінше таңдай алады.
3	Халық өнеріне және сәндік өнерге, дизайнға қызығушылық білдіреді, жұмыс тәсілдерін таңдайды және негіздейді, жұмыста материалдарды тиімді қолданады, табиғаттың әсемдігіне, киімге және бөлменің жинақылығы на эмоционалды түрде мән береді.
	Әлеуметтік дағдылар
1	Қажетті жағдайларда көмек сұрай алады, басқа адамдардың тілектеріне құрметпен қарайды.
2	Ересектермен және құрдастарымен бірге еңбек ете алады, ортақ мақсат қояды және оның нәтижесін талқылай алады.
3	Отбасылық құндылықтарды сақтайды. Өзінің кіші отанына, туған елінің мәдениетіне сүйіспеншілік және құрмет танытады.
	*** Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар, оның ішінде ақыл-есі кем істігінің жеңіл және баяу дәрежесіндегі балалар үшін күтілетін нәтижелер жеке және арнайы үлгілік оқубағдарламаларына сәйкес анықталады.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 14 қазандағы
№ 422 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің міндетін
атқарушының
2016 жылғы 12 тамыздағы
№ 499 бұйрығына 1-
қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу

бағдарламасы

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленді.
2. Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.
3. Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

4. Бағдарламаның мазмұны:

дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;

балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға; тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге;

өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;

тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге;

бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

5. Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

6. Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

7. Педагог балаға:

ненің «дұрыс» және ненің «бұрыс» екенін түсінуді;

сыпайы және мейірімді болуды;

дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді;

қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді;

тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді; қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды;

физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды;

өзі ойнауды;

ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа;

ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды;

өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

8. Бағдарлама меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердегі (лицейлердегі, гимназиялардағы) мектепалды сыныптарда іске асырылады.

6-тарау. 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі

	Дағдылар тізбесі
	Мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып (5 жастағы балалар)
Физикалық қасиеттерді дамыту	
Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру	Гигиеналық шараларды өздігінен орындайды; шынықтыру шараларының маңыздылығын және қажеттілігін түсінеді
Дене шынықтыру	Негізгі қимыл түрлерін өздігінен орындай алады.
Дербес қимыл белсенділігі	Қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды.
Сауықтыру-шынықтыру шаралары	Шынықтыру шараларының маңыздылығы мен қажеттілігін түсінеді; салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерге ие.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	
Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті	Дұрыс, мәнерлі сөйлей алады. интонациялық мәнерлеудің түрлі тәсілдерін қолданады.
Сөздік қорды қалыптастыру	Сөйлеуде антоним, синоним сөздерді қолдана отырып, тілдегі сөздің көп мағыналылығын түсінеді қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнайды.
Тілдің грамматикалық құрылымы	Түбірлес сөздерді жасап қолдана біледі, етістіктерді жалғаулармен қолданады, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолданады
Байланыстырып сөйлеу	Негізгі ойды дұрыс жеткізеді, өз пікірін айтады монологты байланыстырып құра біледі, әңгімені бірізділікпен айтады, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастырады.
Көркем әдебиет	Өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен оқиды; сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, өз бетінше шығарма мазмұнын қайталап айтады; кітаптарға қызығушылық танытады; өлеңдерді мәнерлеп оқиды.

Қазақ тілі

Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіреді;
ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолданады;
қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады;
сөздегі дыбыстардың орнын ажыратады;
қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған бұйымдарды біледі;
киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін сөздерді біледі;
азық-түлік атауларын атайды;
аңшылық кәсіпке, мал өсіруге байланысты,
егіншілік кәсіпке байланысты сөздерді біледі және оны ауызекі тілде өз бетінше қолданады;
туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді біледі;
өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары,
отбасылық мерекелер, басқосулар, тойлар, салт-дәстүрлер туралы айтады;
өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтады;
жұмбақтардың жауабын табады;
шешендік өнерге, айтыс өнеріне қызығушылық танытады;
сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады;
интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолданады;
өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге тырысады;
өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге тырысады, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдайды;
әңгімелесушіге сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап береді;
таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтады;
тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен, жүйелі түрде жеткізеді;
кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен береді;
шығарманы рөлдерге бөліп сомдайды, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізеді;
тыңдалған шығарманы еркін талқылауға қатысады;
бір-бірімен еркін диалог құрады;
өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады;
ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттайды;

	заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолданады; берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастырады; ересектермен қарым-қатынас жасауда өз ойын еркін жеткізеді.
Сауат ашу негіздері	Сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды; берілген буынға сөз құрастырады; сөздегі буындардың санын анықтайды; берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастырады; қаламды дұрыс ұстай алады; қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды орындайды
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	
Математика негіздері	10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі; заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстырады; геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратады және атайды; заттардың қасиеттері мен белгілерін қарастырады
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	
Сурет салу	Бояулармен қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды біледі
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін біледі; шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді
Жапсыру	Таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды; жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын пропорцияларын береді.
Құрастыру	Қалдық және табиғи материалдан құрастырады; көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасайды; жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгертеді; жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін сақтайды
Музыка	Қарапайым музыкалық жанрларды ажыратады (ән, күй, марш, би); әннің сөзін анық, дауыстап, баяу айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді; таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	

Өзінің болашағына, табысты болу үшін білімнің қажеттігін түсінеді;
 еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінеді;
 өз күші мен мүмкіндіктеріне сенеді;
 туыстық байланыстарды түсінеді, жеті атасын біледі;
 үлкендерді сыйлайды, кішіге қамқорлық танытады;
 қолынан келгенше көмектесуге тырысады;
 отбасы мүшелерін жақсы көреді, оларға алғыс айтады, сыпайы сөйлейді; өз ойын түсінікті жеткізеді, өзінің пікірін айтады;
 заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтайды және олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттайды;
 ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың.
 қолданылуын біледі;
 айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын біледі және оларға ұқыпты қарауға тырысады;
 еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтейді, үлкенді сыйлайды, олардың еңбегін бағалайды;
 Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсінеді, оларға белсенділікпен қатысады;
 Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлерін біледі, оларды құрметтейді;
 Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсінеді; қазақ халқының
 құндылықтарын құрметтейді;
 өз Отанын жақсы көреді,, Қазақстан әскері туралы түсінігі бар;
 Кеңес Одағының батырларын біледі, оларды құрметтейді;
 өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай біледі;
 еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылады;
 сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға тырысады;
 айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге тырысады;
 балабақшаның үй-жайларында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлайды
 арнайы көлік құралдарының қолданылуы туралы біледі;
 өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратады;
 тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылайды және түсінеді;
 заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылайды, талдайды, салыстырады, ажыратады туған өлкенің
 ағаштарын, бұталарын, гүлдерін, шөпті өсімдіктерін таниды және ажыратады;
 өсімдіктерді бақылап, себеп-салдарлық байланыстарды ажыратады;
 өсімдіктерге күтім жасау әдістерін біледі;
 жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастырады;
 таныс материалдармен өз бетінше эксперимент жасай алады;
 нанға ұқыпты қарайды, адамдардың еңбегін құрметтейді;
 Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін ажыратады және атайды;
 төрт түліктің пайдасын біледі, оларды күтіп-баптайды;
 жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажыратады, құстардың пайдасын біледі, оларға қамқорлық жасайды;
 адамның табиғаттың бір бөлігі екендігін біледі;
 табиғатты қорғау, сақтау, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы біледі;
 тірі объектілердің өсуі мен дамуы үшін су, жарық, ауа, қорек және айналасындағылардың қамқорлығы қажет екенін түсінеді;
 қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат объектілеріне қамқорлық танытады;

	ата-анасының, жақындарының мамандықтары туралы әңгімелейді, ересектердің еңбегін құрметтейді және бағалайды; үй жұмыстарына көмектеседі; кезекшінің міндеттерін, топта және балабақша ауласында шамасы келетін тапсырмаларды өз бетінше орындайды; ересектердің еңбегін құрметтейді; Қазақстан Республикасының Президентін біледі, оны мақтан тұтады; жол қозғалысы ережесін біледі; қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін біледі; ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінеді және ажыратады
Қауіпсіздік	Өз өмірінің қауіпсіздігін түсінеді және сақтайды; қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелерін сақтайды; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттерін біледі; ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын біледі.
Ескерту: Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар, оның ішінде ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесіндегі балалар үшін біліктер мен дағдылардың тізбесі Стандарттың 1-тармағының 2) тармақшасының талаптарына сәйкес әзірленген жеке және арнайы үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес анықталады.	

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІКТЕРІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙЛЕРІН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі баланың жасына сәйкес әр білім беру саласы бойынша күтілетін нәтижелерден тұрады. Стандартпен белгіленген деңгейлер Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес:

-III деңгей – «жоғары»;

-II деңгей – «орташа»;

- I деңгей – «төмен» деп баламаланған.

Бақылау парағына білім беру саласының дескрипторының тұсына біліктер мен дағдылардың деңгейі қойылады, олар қосылып, «Жалпы саны» бағанына енгізіледі.

Алынған сома дескрипторлар санына бөлінеді де «Орташа деңгей» бағанына қойылады. Біліктер мен дағдылардың даму деңгейінің көрсеткіштері алынған орта деңгей негізінде анықталады және «Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі» бағанына енгізіледі. Егер орташа деңгей толық санды көрсетсе, онда сол сан «Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі» бағанына автоматты түрде көшіріледі.

Егер баланың орташа деңгейі толық емес санды құраса, мысалы, 2,5 кем болса, онда бұл жағдайда II деңгей, егер 2,5 асатын болса – онда III деңгей қойылады. Егер тура 2,5 болса – онда педагог баланың қай деңгейге жеткенін өзі шешеді.

Бақылау парағындағы «Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі» көрсеткіштері бағаны негізінде педагог әрбір баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін топтың (сыныптың) Жиынтық есебін жасайды. Әрбір баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі Жиынтық есепте барлық білім беру салаларының деңгейлері қосу арқылы анықталып, алынған сома білім беру салалары санына бөлінеді. Біліктер мен дағдылардың даму деңгейін есептеу Бақылау парағы сияқты жүргізіледі. Диагностика нәтижелері бойынша педагог балалардың үлесін есептейді:

- I даму деңгейі (төмен деңгейге баламалы), %;

- II даму деңгейі (орташа деңгейге баламалы);

- III даму деңгейі (жоғары деңгейге баламалы).

Төмен, орташа және жоғары деңгейдегі балалардың үлесін есептеу үшін келесі белгілер қолданылады.

А – барлық бала саны;

Б – төмен деңгейдегі бала саны (I деңгей);

В – орташа деңгейдегі бала саны (II деңгей);

Г – жоғары деңгейдегі бала саны (III деңгей).

Балалардың % (пайыздық) үлесін анықтау үшін мысалы, төмен деңгейдегі балалар санын топтағы (сынып) барлық бала санына бөліп, 100 көбейту қажет немесе $B:A*100$.


Сондай-ақ орташа және жоғары деңгейдегі бала саны да осылайша есептеледі. Осылайша, баланың қалыптасқан білік пен дағдыларының даму деңгейі мектепке дейінгі ұйым түлегінің моделін құрайды:

- 1) физикалық жағынан дамыған;
- 2) білім құмарлық;
- 3) белсенді;
- 4) эмоционалды елгезек;
- 5) ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас құралдары пен тәсілдерді меңгерген;
- 6) өзі, отбасы, қоғам (жақын әлеумет), мемлекет (ел), әлем және табиғат жайында алғашқы түсінігі бар;
- 7) мектепте оқу үшін қажетті біліктер мен дағдыларын меңгерген.

«Бақабұлақ бастауыш мектебі КММ «

Мектеп алды даярлық тобы (5 жастан 6 жасқа дейін) бастапқы диагностиканың нәтижелерін бақылау парағы
Оқу жылы: 2022-2023 Топ: «МАД» Өткізу мерзімі: 2022 жыл қыркүйек
Физикалық қасиеттерді дамыту

№	Баланың аты - жөні	Дене шынықтыру				Жалпы саны	Орташа деңгей	Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі
		Гигиеналық шараларды өздігінен орындайды; шынықтыру шараларының маңыздылығын және қажеттілігін түсінеді	Негізгі қимыл түрлерін өздігінен орындай алады	Қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды.	Шынықтыру шараларының маңыздылығы мен қажеттілігін түсінеді; салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерге ие.			
1	Сазанбек Айзере	II	II	II	II	8	2	II
2	Орал Әлинұр	II	III	II	III	10	2,5	III
3	Ерғали Оспан	II	II	II	II	8	2	II
4	Көлбай Жұлдызай	II	I	II	I	6	1,5	I
5	Құланбек Айсұлтан	II	II	I	II	7	1,75	II
6								
7								
8								
9								
10								
11								
12								
I деңгей __1__ II деңгей _____ 3__ III деңгей __1__								



Мектеп алды даярлық тобы (5 жастан 6 жасқа дейін)
Оқу жылы: 2022-2023 Топ: «МАД» Өткізу мерзімі:

бастапқы диагностиканың нәтижелерін бақылау парағы
2022 жыл Қыркүйек


Коммуникативтік дағдыларды дамыту

№	Баланың аты - жөні	Сөйлеуді дамыту				Көркем әдебиет	Сауат ашу негіздері								
		Дұрыс, мәнерлі сөйлей алады. интонациялық мәнерлеудің түрлі тәсілдерін қолданады	Сөйлеуде антоним, синоним сөздерді қолдана отырып, тілдегі сөздің көп мағыналығын түсінеді қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнайды	Негізгі ойды дұрыс жеткізеді, өз пікірін айтады монологты байланыстырып құра біледі, әңгімені бірізділікпен айтады, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастырады.	Түбірлес сөздерді жасап қолдана біледі, етістіктерді жалғаулармен қолданады, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолданады		Өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен оқиды; сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, өз бетінше шығарма мазмұнын қайталап айтады	Сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды	берілген буынға сөз құрастырады; сөздегі буындардың санын анықтайды;	берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастырады; қаламды дұрыс ұстай алады;	берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастырады; қаламды дұрыс ұстай алады;	қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды орындайды	Жалпы саны	Орташа деңгей	Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі
1	Сазанбек Айзере	II	I	II	I	II	I	I	I	I	I	I	12	1,2	II
2	Орал Әлинұр	I	I	II	I	II	I	I	I	I	II	I	13	1,3	II
3	Ерғали Оспан	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	10	1,0	I
4	Көлбай Жұлдызай	I	I	I	I	II	I	I	I	I	II	I	12	1,2	II
5	Құланбек Айсұлтан	I	I	I	I	I	I	II	I	I	I	II	12	1,2	II
6															
7															
8															
9															
10															
11															
12															

I деңгей

1_ II деңгей

4_ III деңгей




Мектеп алды даярлық тобы (5 жастан 6 жасқа дейін) бастапқы диагностиканың нәтижелерін бақылау парағы

Оқу жылы: 2022-2023 Топ: «МАД» Өткізу мерзімі: 2022 жыл Қыркүйек Коммуникативтік дағдыларды дамыту

№	Баланың аты – жөні	Қазақ тілі																						
		Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіреді	ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолданады	қазақ тіліне тән ә, ө, к, Ү, Ұ, і, ғ, н, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады	сөздегі дыбыстардың орнын ажыратады;	қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған бұйымдарды біледі	киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін сөздерді біледі	азық-түлік атауларын атайды	аңшылық кәсіпке, мал өсіруге байланысты	егіншілік кәсіпке байланысты сөздерді біледі және оны ауызекі тілде өз бетінше қолданады	туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді біледі	өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тапқақтарды жатқа айтады	жұмбақтардың жауабын табады	шешендік өнерге, айтыс өнеріне қызығушылық танытады	сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады	өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге тырысады	иллюстрациялар бойынша қайталап айтады	тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен, жүйелі түрде жеткізеді	бір-бірімен еркін диалог құрады	ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттайды	ересектермен қарым-қатынас жасауда өз ойын еркін	Жалпы саны	Орташа деңгей	Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі
1	Сазанбек Айзере	II	II	II	I	I	II	II	I	I	II	II	I	I	I	I	I	I	I	II	II	29	1,45	II
2	Орал Әлинұр	II	II	II	I	I	I	II	I	I	I	II	I	I	I	I	I	II	I	II	II	28	1,4	II
3	Ерғали Оспан	II	I	I	I	I	II	II	I	I	I	II	I	I	I	I	I	II	I	I	II	26	1,3	I
4	Көлбай Жұлдызай	II	I	I	I	II	I	I	II	I	I	II	I	I	I	I	II	I	I	II	II	26	1,3	I
5	Құланбек Айсұлтан	I	I	I	II	I	I	II	I	I	I	I	II	I	II	I	I	I	I	I	II	25	1,25	I

6																								
7																								
8																								
9																								
10																								
11																								
12																								
I деңгей __3__ II деңгей ____2____ III деңгей _____																								




Мектеп алды даярлық тобы (5 жастан 6 жасқа дейін) бастапқы диагностиканың нәтижелерін бақылау парағы

Оқу жылы: 2022-2023 Топ: «МАД» Өткізу мерзімі: 2022 жыл Қыркүйек Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту


	Баланың аты - жөні	Математика негіздері						
		10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі;	заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстырады;	геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратады және атайды;	заттардың қасиеттері мен белгілерін қарастырады	Жалпы саны	Орташа деңгей	Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі
1	Сазанбек Айзере	II	II	II	II	8	2	II
2	Орал Әлинұр	II	II	II	II	8	2	II
3	Ерғали Оспан	II	I	I	I	5	1,25	I
4	Көлбай Жұлдызай	II	II	I	I	6	1,5	I
5	Құланбек Айсұлтан	I	I	I	I	4	1	I
6								
7								
8								
9								
10								
11								
12								

I деңгей __3__ II деңгей ____2____ III деңгей ____



Мектеп алды даярлық тобы (5 жастан 6 жасқа дейін) бастапқы диагностиканың нәтижелерін бақылау парағы
Оқу жылы: 2022-2023 Топ: «МАД» Өткізу мерзімі: 2022 жыл Қыркүйек Балалардың шығармашылық
дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

№	Баланың аты - жөні	Сурет салу	Мүсіндеу	Жапсыру	Құрастыру	Музыка			




бастапқы диагностиканың нәтижелерін бақылау парағы

Өткізу мерзімі: 2022 жыл . Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

[illegible]

9																										
10																										
11																										
12																										
I деңгей __4__ II деңгей ____1__ III деңгей _____																										



Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасын меңгерту барысында мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде қолдануға арналған сөздік минимум үлгісі

№	Мектепалды даярлық тобы/сыныбы
Жалпы түсініктеме	
1	5 жасында мектеп жасына дейінгі баланың сөздік қоры шамамен 3000 мың сөзді құрауы мүмкін, сонымен қатар байланыстырып сөйлеуі жетіледі. Мектеп жасына дейінгі бала сөйлеу барысында негізгі ұғымдарды еркін қолдана алады.

Сөздік минимум үлгісі		
	Отбасы	Ана, әке, ата, апа, әже, аға, іні, қарындас,әпке, сіңлі, мен, сен, ол, біз, сіз, олар.
2	Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздер	Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы, жылы киінеміз, жеңіл киінеміз, үстел, орындық, топ, байқа, асықпа, күт, көмектес, итерме, таласпа, қала, ауыл, көше, жол, жолда абайла! баспалдақтан байқап түс, қағаз, қайшы, бояу, кітап, желім, қатты, жұмсақ, жер, мұз, ауа, шеңбер, қалам, қылқалам, сурет, төсек, шана, аққала, орамал <i>Апта күндері:</i> дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. <i>Ай атаулары:</i>қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан. <i>Жұһаздар:</i> үстел, орындық кереует, кілем, сөре, теледидар, тоңазытқыш.
3	Сыпайы сөздер	Қайырлы таң! Қайырлы күн! Қайырлы кеш!Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз! Рақмет! Кешіріңіз! кешіріші, мен олай қайталамаймын, татуласындар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз!
4	Азық-түлікке қатысты сөздер	Наншәй, май, ірімшік, сүт, қаймақ, айран, жұмыртқа, су, сусын, сорпа, ботқа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, қант, ет, балық, тамағынды іш, ас болсын! <i>Ұлттық тағамдар:</i>қымыз, шұбат, бауырсақ, құрт, қазы,ірімшік. <i>Көкіністер-жемістер:</i> алма, банан,шие, өрік, алмұрт, қарбыз, қауын, алхоры, қияр, қызанақ, қызылша, картоп, пияз, сәбіз, қырыққабат, қарақат, таңқурай, құлпынай.
5	Көліктер	Автокөлік, ұшақ, тік ұшақ, пойыз, трактор, метро, велосипед, самокат, жедел жәрдем көлігі, жүк көлігі, өрт сөндіргіш көлік, автобус, троллейбус, аялдама, жүргіншілер жолы, бағдаршам. <i>Мамандықтар иесі:</i> дәрігер, тәрбиеші, аспазшы, ұшқыш, сатушы, жүргізуші, өрт сөндіруші, құрылысшы, тәртіп сақшысы
6	Ойыншықтар	Доп, текше, қонжық, қуыршақ, секіртпе, асық, шелек, күрек, бесік арба (коляска).
7	Ыдыстар	Кесе, тәрелке, қасық, шанышқы, пышақ, шәйнек.
8	Дене мүшелері	Дене,бет,маңдай,бас, көз, мұрын, ауыз, тіл, тіс, ерін, құлақ, шаш, бет, іш, бел, аяқ, қол, саусақ, алақан, мойын, иық, арқа, тізе, өкше.
9	Түстер атауы	Ақ, көк, қара, жасыл, сары, қызыл, қызғылт, қызғылт сары, қоңыр, көгілдір.
10	Іс-қымылды сөздер	Жүр, отыр, тұр, бар, апар, бер, ал, әкел, іш, жуу, кел, секір, жүгір, қуып жет, қуып жет те ұста, ұйықта, ойна, тығыл, қаш, қу, ұста, жина, сапқа тұру, ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, салфеткамен сүртіндер, төкпей-шашпай ішіндер, екі топқа бөлініңдер, билендер, тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу, киімдерін ұқыпты жинау, төсекке байқап міну (түсу), түймені дұрыс тағу, гүлге су құю, сырғанау.
11	Кеңістікті бағдарлау сөздері	Оң, сол, жоғары, төмен, алыс, жақын, үстінде, астында, қасында, артында, жанында, ішінде.
12	Сан есімдер	Бір, екі, үш, төрт, бес,алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, аз, көп, бірінші, екінші, үшінші, төтрінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы.
13	Табиғат әлемі	Күз, қыс, көктем, жаз.<i>Ауа райы құбылыстары:</i> жаңбыр, қар, жел, суық, жылы, аяз, ыстық,найзағай, кемпірқосақ, ай, күн, аспан, бұлт. <i>Өсімдіктер әлемі:</i>Шөп, ағаш, шырша, гүл, жапырақ, тамыр, бұтақ, бүршіктер, раушан, қарағай, терек, емен, қайын, өсімдіктер өседі, қопсыту, түптеу. <i>Жанурлар әлемі:</i>Үй жануарлары: қозы, қой, лақ, ешкі, сиыр, бұзау жылқы, құлын, бота, түйе, мысық, марғау, ит, күшік. <i>Жабайы аңдар:</i> аю, түлкі, қасқыр, арыстан, піл, қоян, жылан, жолбарыс, керік, кірпі. <i>Үй құстары:</i> тауық, әтеш, балапан, қаз, үйрек.

		<i>Дала құстары:</i> аққу, қарлығаш, торғай, қарға, сауысқан, көгершін, шағала, бүркіт, қыран, тотықұс.
14	<i>Киім-кешек :</i>	Шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір, ішкиім, малақай, қалпақ, тон, қолғап, етік, пима, шәлі.

Орындаған : Ерзақ Сымбат

(5-6 жастағы балалар)

1-параграф. "Коммуникация" білім беру саласы

56. Бұл топтағы "Коммуникация" білім беру саласының базалық мазмұны тіл дамыту, сауат ашу және жазу негіздері, дыбыс айту қабілеті арнайы түзеу оқу қызметтерінде жүзеге асырылады.

57. Мақсаты ауызша байланыстырып сөйлеуді және балалардың шығармашылық белсенділігін дамыту, фонемтикалық есту мен толыққанды айту дағдыларын дамыту, оқудағы қарапайым дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

58. Міндеттері:

- 1) ауызша коммуникацияның лексико-грамматикалық құралдарын белсендендіру;
- 2) қоршаған орта адамдарымен еркін қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;
- 3) түрлі іс-әрекетте ауызша байланыстырып сөйлеуді дамыту (диалогтік және монологтік);
- 4) дұрыс дыбыс айтуды қалыптастыру;
- 5) фонетикалық-фонематикалық түсініктерді қалыптастыру;
- 6) қолдарды жазуға даярлау;
- 7) түрлі тұрмыстық жағдайларда қарым-қатынас және жүріс-тұрыс мәдениетін тәрбиелеу;
- 8) коммуникативті, ойын және түрлі іс-әрекет барысында шығармашылық белсенділікті, дербестікті, ұйымдастырушылық әрекетті дамыту.

2-параграф. 1-жартыжылдық

59. Тілді дамыту: импрессивті және экспрессивті сөйлеуді ары қарай дамыту, дамыту, байланыстырып сөйлеуді дамыту (диалогтік және монологтік), коммуникативтік дағдыларды дамыту.

60. Импрессивті және экспрессивті сөйлеуді әрі қарай дамыту:

- 1) қоршаған ортадағы түрлі заттарды сипаттау үшін қажетті заттардың атауын, әрекетін, сипаттамасын қолдана алуды дамыту;
- 2) антонимдер, синонимдер, заттардың топталуы бойынша жалпылама сөздерді қолдану және түсіне алуды үйрету;
- 3) лексикалық тақырыптар бойынша белсендікті сөздікті кеңейту, молайту және жалпылау;
- 4) балаларды барлық сөз таптарын қолдануға ынталандыру;
- 5) арнайы сөздер - терминдерді қолдануды және түсіне алуды үйрету, мысалы: "қайта айту", "сөйлем";
- 6) белгілі бір затқа сипаттамалар мен әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай алу икеміне үйрету.

61. Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді дамыту:

1) сипаттама әңгімелеуді, заттарды салыстыру әңгімелеуін сюжетті сурет бойынша әңгімелеуді құрастыру және қайта айтуды, оқылған мәтінді қайта айтуға оқыту;

- 2) әңгімені үлгі бойынша, жоспар бойынша, орындалған сурет құрастыруға үйрету;
- 3) сызбаға сүйене отыра байланыстырылған, бірізді монологтік сөз айтуды құруға оқыту;
- 4) кейіпкердің эмоционалдық күйін көрсете отыра, рөл бойынша оқылған шығарманың сюжетін ойнап бере алуды дамыту;
- 5) ересек адамның көмегімен әңгіменің жалғасын және соңынын ойдан құрастыра алуға үйрету, қарапайым жайылма сөйлемдерді құрастыруға жаттығу;
- 6) тәуелдік жалғаулы есімдіктерді қолдануды үйретуді дамыту;
- 7) түрлі материалдар, өсімдіктер, азық-түлікке сәйкестендіру мағынасымен қатыстық сын есімдерді жасай алу икеміне оқыту;
- 8) "үстінде", "астында", "ішінде", "одан", "оған", "сонымен" шылауларын зат есіммен қоса қолдану дағдыларын бекіту;
- 9) сөйлемді бірыңғай мүшелермен жазуды қалыптастыру, сөйлемде жекеше және көпше түрдегі, септіктегі сөздерді келістіре алуды бекіту;
- 10) етістіктерді қосымшалармен құрастыру білігіне үйрету;
- 11) дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді ажырата алуға үйрету: сұрау, лепті, хабарлау дауыс ырғақтары;
- 12) көпше түрдегі зат есімнің ілік септігінде дұрыс қолданылуын бекіту.

62. Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

1) 3-4 сөзден тұратын сұрақтар бойынша диалогтік қарым-қатынасты дамыту;

2) сөз сөйлеуді өз мағынасы және логикалық екпіні бар, сөйлеу бөліктеріне бөлуді дамыту;

3) сөйлеу ағымында сұрау дауыс ырғағын ажырата алуды, сөйлеу кезінде сұрау сөздерін қолдана алуды үйрету.

63. Күтілетін нәтижелер:

1) жалпылама мағынасы бар сөздерді қолданады;

2) дербес сөйлеу тілінде жай және күрделі сөйлемдерді қолданады;

3) қатыстық сын есімдерді жасай алады;

4) сөйлеу ағымында дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді ажыратады: үйрету: сұрау, лепті, хабарлау дауыс ырғақтары;

5) жай және кейбір күрделі көмекші сөздерді қолданады;

6) бірыңғай мүшелері бар сөйлемді құрастырып жаза алады;

7) көрнекі материалдарға сүйене отыра сюжетті сурет бойынша хабарлы әңгімелерді, заттар және құбылыстар жайлы сипаттама және салыстырмалы әңгімелерді құрастырады және қайта айтып бере алады;

8) сөйлеуді өз мағынасы және логикалық екпіні бар, сөйлеу бөліктеріне бөле алады;

9) кейіпкердің эмоционалдық күйін көрсете отыра, рөл бойынша оқылған шығарманың сюжетін ойнап бере алады.

64. Жазу мен сауат ашу негіздері: сөйлеудің бірлігі ретінде дыбыс туралы түсініктерді қалыптастыру, сөйлем құрылымын түсінуді қалыптастыру, ырғақ сезімін тәрбиелеу, сөздерді буынға бөлумен таныстыру, фонетикалық талдаудың қарапайым формаларын дамыту, фонематикалық түсініктерді қалыптастыру, дыбыстарды интонациялық ерекшеліктермен таныстыру.

65. Дыбыстың сөйлеу бірлігі ретінде түсінігін қалыптастыру:

1) тілдік емес дыбыстарға назарын аудару, балаларда дыбысқа ерекше назарын аударуды қалыптастыру, дыбыстың шығып жатқан орнын анықтай алу ікемділігіне үйрету;

2) дыбысталуы бойынша бір-біріне жақын және қарама-қарсы тілдік емес дыбыстарды салыстыра алуға үйрету. Дыбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар, шикылдауыш ойыншықтарды қолданумен түрлі қаттылықтағы (қатты-ақырын), жоғарылықтағы (жоғары-төмен) дыбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінін дамыту;

3) музыкалық аспаптарды қолдану арқылы "ұзын" және "қысқа", "қатты" және "ақырын дыбыстау" түсініктерін қалыптастыру, өйлеуге есту зейінін тәрбиелеу, есту зейініне, сөздің дыбыстық қатпарына есту зейінін дамыту, сөйлеу дыбыстарын тануға үйрету;

4) дыбыстың нақты есту бейнесін қалыптастыру;

5) бір сөзді қатты және ақырын айтуға болатыны жайлы түсінігін қалыптастыру, сөздер бірдей және әр түрлі айтылуы туралы түсініктерін қалыптастыру;

6) дыбысталуы бойынша бірдей және әр түрлі "дос" сөздерді таңдай алуға балаларды үйрету, балаларды дыбыстың мағына ажыратушылық қызметімен таныстыру: сөздер бір-бірінен бір-ақ дыбыспен айырмашылықта болатынын түсіндіру.

66. Сөйлем құрылымын түсінуді қалыптастыру:

1) сөйлемдегі сөздерді естуге ажыратуын, олардың санын және ретін анықтай алуын қалыптастыру;

2) жеке сөздерді көрнекі бейнелейтін, көмекші орнын басушы құралдар ретінде - ұсақ текшелер, қолдана алуын үйрету.

67. Ырғақ сезімін тәрбиелеу.

1) музыканың орындалу сипатына сәйкес ырғақ қимылдарына оқыту, еліктеу бойынша қарапайым ырғақты қолмен шапалақтау. Екі-үш ырғақты белгі материалынан есту зейінің және есту есін дамыту (бес ырғақты белгіге дейін);

2) ауызша нұсқау және үлгі бойынша ырғаққа баға беруге және жаңғыртуға, қабылдауға үйрету, ұзын және қысқа паузалармен бөлінген, ерекше көрсетілмеген ырғақтық құрылымдарды бағалау және қабылдауға үйрету, және оларды ауызша нұсқау және үлгі бойынша жаңғырту;

3) балалар әндерінің ырғағын тықылдатып ойнау, ырғақтық және музыкалы-ырғақтық ойындарда ырғақ сезімін дамыту.

68. Сөздердің буындық бөлінуімен танысу.

1) дауысты дыбыстарды белгілеу негізінде сөздердің буынға бөліну түсінігін балаларға үйрету;

2) балаларды сөздердің буындық бөлінуіне, сөз ішінен буындарды белгілеуге, сөздердегі екпін белгісін қоюға, екпінді буынды табуға үйрету;

3) балаларды "буын" терминімен және буынға бөлінудің графикалық жазбасымен таныстыру;

4) бір буынды және екі буынды сөздерді ажырата алуға балаларды үйрету, балаларды қол шапалағымен, адыммен сөздің созылыңқылығын (сөздің буындық құрамын) анықтау икемділігіне үйрету;

5) сөз жасам және сөз түрлендіруді қолдану негізінде сөздің дыбыстық қатпарының өзгеруі оның созылыңқылығының (буындар саны) және мағынасының өзгеруіне әсер ететіні жайлы балалардың түсініктерін қалыптастыру;

6) келесі реттегі алдымен ашық, кейіннен ашық және жабық буындардан құралатын, екі буынды сөздердегі ырғақтық сурет және екпінді буынды дұрыс айтумен сөздің дыбысты буындық құрылымын қалыптастыру: дауысты дыбысқа екпінмен [А], [У], [И], [О], [Ы];

7) бірге айтып және қолмен шапалақтап қарапайым сөздердің ырғағын жаңғырту және қабылдау;

8) етістіктер жұбын айту кезінде 3-ші жақтың осы шақтағы жекеше түрдегі ашық рай формасындағы етістіктердің дыбыс буындық құрылымын жаңғыртуға үйрету. Бір, екі, үш буынды сөздердің ырғақты-буындық құрылымын тықылдату немесе адымдау, қолмен шапалақтау арқылы сөздерді бөліктерге бөлу кезінде арнайы дидактикалық ойындарды қолдану.

69. Фонематикалық қабылдауды дамыту:

1) сөздегі дыбыстың болуын анықтай алу икемділігін қалыптастыру;

2) дыбысталуы бұзылмаған дыбыстарының, кейіннен түзету жұмысы жүргізілген дыбыстардың есту және есту айту дифференциациясын жүзеге асыра алуын қалыптастыру. Атауы нақты берілген материалды, ажыратылатын дыбыстарды кірістіретін заттық суреттерді бөле алуға үйрету.

70. Фонематикалық талдаудың қарапайым формаларын дамыту:

1) айтқаннан сөзді ерекше белгілеп, сонан соң сөзді буындарға бөлу, сосын - жеңіл айқындамадағы сөз аясында бір дыбысты ерекше ажырату арқылы қарапайым фонематикалық талдау дағдысын қалыптастыру;

2) сөздің басында екпінді дауысты дыбысты айқындап көрсету; сөзден дыбысты айқындап көрсету, сөздегі соңғы және бірінші дыбысты анықтау;

3) дыбысты белгілеу үшін арнайы белгілермен балаларды таныстыру (бейтарап түсті текшелер: ақшыл сары немесе сұр), сөздің фонематикалық (дыбыстық) құрылымының негізгі ерекшеліктерімен балаларды таныстыру;

4) П.Я. Гальперин бойынша ақыл-ой әрекеттерінің кезеңмен қалыптасуын ескере отырып, екі дауысты дыбыс тіркесі мен дауысты-дауыссыз және дауыссыз-дауысты түріндегі екідыбысты сөздерге фонематикалық талдау мен жинақтауды жасауға үйрету: графикалық

сызбалар және текшелерге сүйене отыра фонематикалық талдаудың әрекетін орындау, сурет, дайын графикалық сызба, текшелер қолдану;

5) жақын таныс сөздерді талдау кезінде дыбыстарды ретімен көрсетуге және торларды текшемен жаба алу икемділігіне балаларды үйрету;

6) балаларды "дауысты" және "дауыссыз" дыбыстарды ажырата алуға үйрету. Дыбыстау кезінде ауа ауыз қуысынан еркін шығатын, дауыспен созып айтуға келетін, ән айтуға келетін "сиқырлы" дыбыстармен балаларды таныстыру ("ән айтуға келетін" (дауысты) дыбыстар). "Дауысты дыбыс" терминін және оның белгіленуі - қызыл текшені енгізу. Балаларда дыбыстау кезінде ауа кедергіге ұшырайтын (тіл, тіс, ерін) ән айтуға келмейтін "дауыссыз" дыбыстар жайлы түсініктерін қалыптастыру;

7) дауыстың қатысуы бойынша дыбысты дифференциациялауға балаларды үйрету (қатаң-ұяң);

8) жуан және жіңішке дыбыстарды естуге ажырату бойынша алғашқы біліктерін қалыптастыру;

9) дыбысталуы бойынша сөздерді салыстыра алуға, дыбыс жұптарын жуандығы және жіңішкелігі жағынан ажырата алып, оларды "үлкен" және "кіші ағайындылар" деп атауына үйрету;

10) балаларда "үлкен мотор" жуан (р-р-р) деп дыбысталатынын, ал "кішісі" - жұмсақ (рь-рь-рь) деп әндететіндігі жайлы түсініктерін қалыптастыру. Сөздердің атауында бар, берілген дыбыстарға сәйкес оларды топтастыра, балалардың заттық суреттерді негізге алатын ойын тапсырмасы және ойында аталған тапсырмасын шешу үшін қолдану;

11) сөздің дыбыстық талдауын жасау кезінде сілтеу таяқшасын, текшелерді, сөздің дыбыстық құрылымының суретті-сызбасын қолдана алу икемділігіне үйрету;

12) балаларда ересек адамның бақылауында түрлі күрделіліктегі шартты-белгілік модельді құра алуды қалыптастыру.

71. Фонематикалық түсініктерін қалыптастыру: педагогпен берілген дыбыстарға сөздерді таңдауына және іріктей алуына үйрету.

72. Дыбыстарды интонациялық ерекшелеп белгілеу:

1) созылыңқы айтуға келетін дыбыстардың айтылуына назарын аударту: ысқырық, ызың, үнді және басқалары, аталған дыбыстарды созылыңқы айтуға балаларды үйрету;

2) дауыспен созып айтуға келмейтін дыбыстардың айтылуына назарын аударту: үзілмелі, еріндік.

3) кез-келген сапалы сипаттағы дыбысты ажыратуға мүмкіндік беретін, сөздердегі дыбыстарды интонациялық ерекшелеп белгілеуінің жалпылама тәсіліне балаларды үйрету;

4) балаларға қолжетімді кішігірім тақпақ диалогтарын, арнайы ойындар, хормен жүру арқылы сөйлеу тілін интонациялы бейнелеу, еркін мәнерлеп сөйлеу, дауысты модульдеудің шығармашылық бастамашылдығын дамыту.

73. Күтілетін нәтижелер:

1) "дыбыс", "сөз", "сөйлем" терминдері жайлы алғашқы түсініктері бар;

2) сөздерді буындарға бөле алады;

3) қазақ тілінің екі негізгі тобының - дауысты және дауыссыз, айрықша, танымды сипаттары жайлы алғашқы түсініктері бар;

4) ересек адамның көмегімен сөздегі дыбыстың ретін орната алады;

5) белгілі дыбыстық құрылымдағы сөздердің және екі дыбысты сөз тіркестерінің дыбыстық талдауын жүргізе алады;

6) сөздің және дыбыстың ақырын және қатты, жоғары және төмен дыбысталу ерекшеліктерін талдай алады;

7) сөздердің және сөйлемдердің модельдерін (сызбаларын) қолданады және түсінеді;

8) дыбыстарды көрсету үшін бейтарап және қызыл түсті текшелер арнайы белгілерді қолданады және түсінеді.

74. Дыбыс айту: сөйлеу тіліндегі негативизмді жою, еркін есту арқыла қабылдау мен зейінді қалыптастыру, фонематикалы қабылдауды дамыту, жалпы және қол моторикасының даму процесінде қозғалыстың кинестетикалық және кинетикалық негіздерін қалыптастыру, артикуляциялық қозғалыстардың

кинестетикалық негіздерін қалыптастыру, сөйлеу кезінде тыныс алуына үйрету, дауыс күшін дамыту, дыбыс айтуды қалыптастыру, сөздің буындық құрылымын қалыптастыру, фонематикалық анализ бен синтезге үйрету.

75. Сөйлеу тіліндегі негативизмді жою:

1) баламен эмоционалды қатынас орнату;

2) баланы бірлескен әрекетке тарту және өзара әрекеттену дағдысын қалыптастыру. Баланы өз күшіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Ойын әрекетіне деген қызығушылықты және ойынға қатыса білуді қалыптастыру;

3) артикуляция мүшелерін дамыту.

76. Еркін есту арқылы қабылдауды және зейінді қалыптастыру:

1) сөйлеу тілдік емес дыбыстарға назар аудару:зейінін дыбысқа шоғырландыру; дыбыстың шығу көзін анықтау;

2) дыбысталуы бойынша қарама-қарсы сөйлеу тілдік емес дыбыстарды салыстыру, дыбысталуы бойынша жақын сөйлеу тілдік емес дыбыстарды салыстыру;

3) дыбыстың шыққан көзін және оның бағытын анықтау;

4) заттардың дыбысталу дәйектілігін есте сақтау;

5) есту зейінін ауыстыра білуді, әрекетті сигналдың әр түрлі дыбысталуына қарай орындау икемділігін дамыту;

6) 2 сигналдың ішінен тұрмыстық шуды тани және ажырата білу икемділігін дамыту;

7) музыкалық аспаптың ақырын және қатты дыбысталуын жіктей білу;

8) музыкалық аспаптардың дыбысталу қарқынын (жылдам-баяу) жіктей білу, музыкалық аспаптардың дыбысталуының басталуы мен аяқталуына деген әсерін бекіту.

77. Фонематикалық қабылдауды дамыту:

1) контраст принципі бойынша оқшауланған дауысты дыбыстарды ажырату;

2) артикуляциясы бойынша ұқсас оқшауланған дайысты дыбыстарды ажырату;

3) дыбысталуы бойынша жақын буындарды ажырату,дыбысталуы бойынша ұқсас дыбыс еліктеулерді ажырату;

4) екі буыннан құралған, дыбысталуы бойынша ұқсас сөздерді ажырату;

5) басқа дауысты дыбыстар арасында дауысты дыбыстарды белгілеу.

78. Жалпы және қол қимыл-қозғалысын дамыту процесінде қозғалыстың кинестетикалық және кинетикалық негіздерін қалыптастыру:

1) қалып праксисін дамыту (еліктеу бойынша);

2) арнайы жаттығуларда қол қимылын дамыту: қысу, жазу, сілкілеу, қимыл амплитудасын арттыра отырып, біртіндеп қол басын бұлғау.

79. Артикуляция мүшелерін дамыту:

1) аркуляциялық аппараттың негізгі мүшелері туралы түсініктерді бекіту;

2) артикуляциялық аппаратты еліктеу бойынша орындалатын артикуляциялық ойын жаттығуларын орындау процесінде дыбысты дұрыс айтуды қалыптастыруға дайындау;

3) еліктеу бойынша мимикалық бұлшық ет қимылын дамыту.

80. Артикуляциялық қимылдың кинестетикалық негізін қалыптастыру:

1) ерін қалпы туралы түсінікті нақтылау, дауысты дыбыстардың артикуляциясындағы ерін қалпын анықтау, дыбыстарының артикуляциясындағы ерін қалпының өзгеруін анықтау;

2) дыбыс туралы көру-есту түсініктерін тірек ете отырып, көтерілген және төмен түскен тіл ұшының қалпы туралы кинестетикалық түсінікті нақтылау,[а] дыбысын айтқан кездегі тіл ұшының қалпын анықтау,[д] дыбысын айтқан кездегі тіл ұшының қалпын анықтау, [ад] буынын айтқан кездегі тіл ұшының қалпының өзгеруін анықтау;

3) артикуляциялық қозғалыстардың кинетикалық негіздерін қалыптастыру: қозғалыстың қажетті көлеміне бағытталған артикуляциялық моториканы дамыту бойынша статикалық жаттығуларды үйрету: ерінге арналған артикуляциялық жаттығулар, тілге арналған артикуляциялық жаттығулар;

4) артикуляциялық аппарат мүшелерінің қозғалмалылығын дамыту;

5) логопедтің үлгісі бойынша артикуляциялық қалыптарды орындау.

81. Сөйлеу тынысын алуға үйрету:

1) физиологиялық дұрыс тыныс алуды қалыптастыру: еліктеу бойынша көкеттік кеуде-қабырғалық дұрыс тыныс алуға үйрету (бақылау үшін баланың алақанын пайдалану);

2) ауыздық тыныс шығаруды дамыту. Мақсатты бағыттылған ауыздық тыныс алудың ұзақтығын дамыту, ауыздық және мұрындық жіктелген тыныс алуды шығару;

3) бағытталған ауа ағынын қалыптастыру.

82. Дауыс күшін дамыту:

1) ақырын және қатты дауысты пайдалана білуді дамыту;

2) дауыс күшін өзгертуге үйрету, бір тыныс алғанда дауыс күшін ақырыннан қаттыға дейін өзгерту икемділігін бекіту.

83. Дыбыс айтуды қалыптастыру:

1) дауысты дыбыстардың дұрыс айтылуын нақтылау.

2) дауысты дыбыстар қатарын жеке, буында, сөзде, сөйлемде дауыс пен интонацияның әр түрлі күшімен қатты және ақырын айту икемділігін бекіту; әр түрлі фонетикалық жағдайларда ауыстырып, шатастырып алуы мүмкін дауысты дыбыстардың дұрыс айтылуын автоматтандыру және жіктеу;

3) ерте онтогенездегі дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуды нақтылау: м, м', н, н', п, п', т, т', к, к', ф, ф', д, д', в, в', б, б', г, г', әр түрлі фонетикалық жағдайларда дауыссыз дыбыстардың дұрыс айтылуын автоматтандыру және жіктеу;

4) жоқ немесе бұрмаланып айтылатын х, х', л', й, ы, с, с', з, з', л дауыссыз дыбыстардың дұрыс артикуляциясын қалыптастыру, қойылған дыбыстардың дауыстылармен жеке, ашық буында, тұйық буында, бітеу буында, сөзде, сөйлемде тоғысуын автоматтандыру;

5) түрлі фонетикалық жағдайларда дауыссыз дыбыстарды ажырату.

84. Сөздің буындық құрылымын қалыптастыру:

1) қарапайым меңгерілген сөздердің қарқынын қабылдауға және шығаруға (бір мезгілде айту және шапалақтау) үйрету;

2) буындардың үйлесуін әр түрлі екпінде, интонацияда, дауыс күшінде айту;

3) сөздерді бір мезгілде айта және шапалақтай отырып, таза айтуға берілген буындарды дыбыстауға үйрету;

4) екі ашық буыннан құралатын сөздердегі ырғақтық суретті дұрыс бере отырып, сөздің буындық құрамын қалыптастыру;

5) үш ашық буыннан құралатын сөздердегі ырғақтық суретті дұрыс бере отырып, сөздің буындық құрамын қалыптастыру;

6) бір буынды сөздердегі ырғақтық сурет пен екпінді буынды дұрыс айта отырып, сөздің буындық құрамын қалыптастыру.

85. Фонематикалық талдау мен жинақтауға үйрету:

1) сөз құрамынан басындағы екпінді дауысты дыбыстарды ажырату;

2) сөздің соңында естілетін дауысты дыбысты ажырату;

3) сөздің ортасына естілетін дауысты дыбысты ажрату;

4) екі дауысты дыбыстан тұратын дыбыс қатарын талдау.

86. Күтілетін нәтижелер:

1) дыбыстың шығу көзін анықтайды;

2) дыбысталуы бойынша қарама-қайшы және жақын сөйлеу тілдік емес дыбыстарды салыстырады;

3) есту зейінін қосады, әрекетті сигналдың әр түрлі дыбысталуына сәйкес орындайды;

4) 2 сигналдың ішінен тұрмыстық шуды таниды және ажыратады;

5) музыкалық аспаптардың ақырын және қатты дыбысталуын жіктейді;

6) музыкалық аспаптардың дыбысталу қарқынын (жылдам-баяу) жіктейді;

7) жеке дыбыстарды ажыратады;

8) дыбысталуы бойынша жақын буындарды жіктейді;

9) дыбысталуы бойынша ұқсас дыбысқа еліктеуді, сөздерді ажыратады;

10) дауысты дыбысты басқа дауысты дыбыстардың ішінен ерекшелейді;

11) артикуляциялық аппараттың негізгі мүшелерін біледі;

12) ерінге арналған жаттығуды орындайды;

13) тілге арналған жаттығуды орындайды;

14) логопедтің үлгісі бойынша артикуляциялық жаттығу кешенін орындайды;

15) мақсатты бағытталған ауыз арқылы ұзақ дем шығаруды орындайды;

16) ақырын және қатты дауысты пайдалана біледі;

17) дауысты дыбыстарды дұрыс айтады;

18) ерте онтогенездің дауыссыз дыбыстарын дұрыс айтады;

19) бір, екі, үш буынды сөздерде ырғақтық суретті шығарады.

3-параграф. 2-жартыжылдық

87. Тілді дамыту: импрессивті сөйлеуді ары қарай дамыту, монологтік және диалогтік байланыстырып сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту.

88. Импрессивті сөйлеуді әрі қарай дамыту;

1) құбылыстың немесе тұтас заттың бөлігін атауды, түрлі логикалық топтарға жататын жалпылама сөздерді қолдана алуды дамыту;

2) барлық сөз таптарын тәжірибеде қолдануға үйрету;

3) белсенді сөйлеу кезінде антонимдер, синонимдер, арнайы-термин сөздерді қолдана алу икеміне оқыту;

4) сөйлеу тілінде көпмағыналы сөздерді қолдана алуды қалыптастыру;

5) түрлі жолдармен сөзді жасай алуды бекіту және оны белсенді сөйлеу тілінде қолдану;

6) сөздерді текте, түрде, септікте келістіре отыра, жай және күрделі сөйлемдерді қолдана және құрастыра алуға үйрету;

7) салалас құрамалас және сабақтас құрамалас сөйлемдердің қолжетімді құрылымдарын қолдану дағдыларын дамыту;

8) бір түбірлі сөздерді жасай алу икеміне оқыту;

9) дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді ажырату икемін бекіту және сөйлеу кезінде қолдану.

89. Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді дамыту:

1) сюжетті сурет бойынша әңгімелеуді, ес бойынша және схемаға сүйене отыра, заттарды салыстыру әңгімелеуін, сипаттама әңгімелеуді дербес құрастыру және қайта айту икемін дамыту;

2) әңгімеге атау ойлап таба алады, негізгі ойды тұжырымдай алады;

3) диалогті құрастыру кезінде сөйлеу этикетінің формаларын қолдануды әрі қарай үйрету;

4) өзіндік ой пікірлерін бірізді құруды бекіту. Монологтік сөйлеуді әрі қарай жетілдіру;

5) берілген тақырыпқа әңгімені ойдан шығарып жалғастыруды және аяқтауды дамыту;

6) сөйлеу тілінде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану үйрету;

7) танымайтын адамдардың алдында сөз сөйлеуге, әңгімені әрі қарай жалғастыруға оқыту.

90. Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

1) көрнекі материалды қарастыру кезінде талқылауға, ұжымдық әңгімеге қатыса алуға оқыту;

2) толық пікір айту формасында бір немесе бірнеше тұлғаларға команда, бұйрық бере алуға үйрету;

3) өзінің және басқалардың іс-әрекетін сипаттап бере алуға оқыту;

4) диалог барысында байсалдылық және такт білдіре отыра, әңгімелесушінің ой пікірін мақұлдауға немесе бас тартуға, келісуге, қарсы болу икеміне үйрету.

91. Күтілетін нәтижелер:

1) тегінде, түрінде, септікте сөздерді келістіре отыра, жай және күрделі сөйлемдерді құрастыра және қолдана алады;

2) салалас құрмалас және сабақтас құрмалас сөйлемдердің неғұрлым қолжетімді құрылымдарын қолданады;

3) түрлі сөз таптарының сөз жасаушы түрлерін қолданады;

4) сюжетті сурет бойынша әңгімелеуді, ес бойынша және схемаға сүйене отыра, заттарды салыстыру әңгімелеуін, сипаттама әңгімелеуді дербес құрастыру және қайта айта алады;

5) оқиғаға, ертегіге, әңгімеге жалғасын және соңынын, әңгімеге атауын ойлап таба алады, негізгі ойды тұжырымдай алады;

6) танымайтын адамдардың алдында сөз сөйлейді, әңгімені әрі қарай жалғастырады;

7) диалог барысында әңгімелесушінің ой пікірін мақұлдай немесе бас тарта алады, келіседі, қарсы бола алады;

8) өзінің және басқалардың қылығы жайлы жай баға беру пікірін білдіре алады.

92. Сауат ашу мен жазу негіздері: дыбыстың сөйлеу бірлігі ретінде түсініктерін қалыптастыру, сөйлем құрылымын түсінуді қалыптастыру, ырғақ сезімін тәрбиелеу, сөздерді буынға бөлумен таныстыру, фонематикалық қабылдауды дамыту.

93. Сөйлеу бірлігі ретінде дыбыс туралы түсінікті қалыптастыру:

1) есту зейінің белсендендіру, сөйлеудің дыбыстық жағына балалардың назарын дамыт;

2) сөйлеу тілінің айтылуын қабылдауға бағытталған балалардың дыбысты тани алу икемділігін әрі қарай жетілдіру;

3) дыбысталуы бойынша сөздерді салыстыра алу икемділігін дамыту;

4) сөйлеу материалын дұрыс тыңдауға және естуге балаларды үйрету;

5) дыбыстың нақты есту бейнесін қалыптастыру;

6) балаларды ұзақтықты және дауыс қаттылығы әртүрлі дыбыстауларды графикалық белгілермен белгілеуге үйрету.

94. Сөйлем құрылымын түсінуді қалыптастыру:

1) "сөйлем" түсінігімен танысу;

2) балаларда сөйлемді құра алуын, соның ішінде берілген сөздер санымен құра алуын қалыптастыру;

3) сөйлемнің графикалық сызбасын құра алуды үйрету (қарапайым көмекші сөзсіз екі құрамды сөйлем, көмекші сөзсіз үш-төрт сөзден құралған қарапайым сөйлем, көмекші сөзбен үш-төрт сөзден құралған қарапайым сөйлем).

95. Ырғақ сезімін тәрбиелеу:

1) ауызша сөйлеу нұсқауы бойынша (көру қабылдауына сүйенбей) ырғақты бағалауға, қабылдауға (алты ырғақты белгіге шейін) және оларды жаңғыртуға оқыту,

2) ауызша нұсқау және үлгі бойынша ерекше көрсетілген және ерекше көрсетілмеген ырғақтық құрылымдарға баға беруге, қабылдауға және оларды жаңғыртуға балаларды үйрету: қатты дыбыс, - ақырын дыбыс қайда; ұзақ дыбысталу, қысқа дыбыстау қайда.

96. Сөздердің буындық бөлінуімен танысу:

1) сөз орамдарынан сөздерді ажырату және сөздерді буыңға бөлу дағдыларын ары қарай жетілдіру, "буын" және "сөз" түсініктерін бекіту (сөздің бөлігі ретінде);

2) балалардың сөздердің және сөйлемдердің модельдері (сызбалары) жайлы білімдерін бекіту;

3) көмекші тәсілдерге сүйене отыра сөздің буындық құрамын анықтау: шапалақ, тарсылдату;

4) дауысты дыбыстарға сүйене отыра сөздің буындық құрамын анықтау;

5) іштей сөйлеудегі буындарды санын анықтау;

6) балаларда: сөздің буындық құралымының ұстанымын жете түсінуін (айтылуы және жазылуы сәйкес келетін сөздер материалдарында); сөздегі дауыстыларды ести алуын, буындар санын атауын, олардың ретін анықтауын; берілген буындардан сөздерді құруды: ашық буындардан құралатын (қара, қала), ашық және жабық буынан құралатын екі буынды сөздерді (мысық, қасық), ашық буындардан құралатын (шағала, тамаша), бір буынды сөздерден құралатын (бас, жаз) үш буынды сөздерді қалыптастыру;

7) екпінді буынды белгілеумен сөздің сызбасын құрастыра алуды оқыту, графикалық сызбаны сәйкес келетін сөзге таңдауды, графикалық сызбаға сәйкес келетін сөзді таңдай алуды қалыптастыру;

8) бір дыбысты немесе сөзді өзгерту есебінен сөзді өзгерте алу икемділігі оқыту. Дауыстының өзгеруі кезінде дауыссыз дыбыстың дыбысталуын бақылай отыра, бір дауыссыздың әр түрлі дауысты дыбыстармен байланысуын буындық жаттығуларда қолдану.

97. Фонематикалық қабылдауды дамыту:

1) есту арқылы жуан және жіңішке дауыссыз дыбыстарды ажырата алуға оқыту;

2) белгісі: қатаң - ұяң; жуан- жіңішке бойынша дыбыстарды нақты ажыратуы негізінде фонематикалық қабылдауды қалыптастыру;

3) өзінің және өзге адамның сөйлеуіндегі дыбысталудың дұрыс үлгісін ажырата және бағалай алуды қалыптастыру;

4) балаларды алдымен дыбысталуы бойынша әр түрлі буындарды, содан соң дыбысталуы ұқсас буын қатарларын естуге ажырата алуына оқыту;

5) есту қабілетіне сақталған дыбыстарды дифференциациялау (айтпай): жуан - жіңішкелігі бойынша, қатаң-ұяңдығы бойынша, бітеу буындарда, в обратных слогах, екі дауыссыз кездескен буындарда, сөздерде және сөз орамдарында.

98. Фонематикалық талдаудың қарапайым формаларын жетілдіру және фонематикалық талдаудың күрделі формаларын дамыту:

1) фонематикалық талдаудың қарапайым формаларын жетілдіру;

2) сөздің және дыбыс тіркесуінің фонематикалық анализ және синтез дағдысын жетілдіру;

3) сөздегі дыбыстың орнын және позициясын анықтай алуын, екпінді дыбысты белгілеуін, сөздегі буындардың санын, сөйлемдегі сөздердің санын анықтауын әрі қарай жетілдіру;

4) балаларды дыбыстарды олардың сапалық сипаттамалары бойынша (дауысты, жуан және жіңішке дауыссыздар, қатаң және ұяң дауыссыздар) салыстыра алуға, сөздерді дыбыстық құрамы бойынша сәйкестендіруге оқыту;

5) "жуан" және "жіңішке дауыссыз" түсінігін және көк және жасыл текшелермен олардың белгіленуін кірістіру;

6) фонематикалық талдаудың қарапайым формаларын жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру: сөздегі дыбыстың орнын анықтай алуға балаларды оқыту(басында, ортасында, аяғында);

7) ақыл-ой әрекеттерінің кезеңмен қалыптасуын ескере отыра (П.Я. Гальперин бойынша) сөздегі дыбыстардың санын және ретін анықтай алуын қалыптастыру: ұсыну бойынша сөздердің дыбыстық құрамын талдайды;

8) сөздегі дыбыстың тұру ретін анықтау алу икемділігін қалыптастыру;

9) белгілі бір дыбыстың алдында немесе одан кейінгі тұрған дыбыстарды анықтай алу икемділігін балаларға оқыту;

10) екі буынды, бір буынды, ашық және бітеу буынды сөздердің дыбыстық анализ және синтез дағдыларын балаларда қалыптастыру.

11) түрлі дыбыстық құрылымдағы үш дыбысты және төрт дыбысты сөздердің дыбыстық талдауын жасай алуды қалыптастыру;

12) сөздің дыбыстық құрамының сызбаларын және модельдерін қолдануын әрі қарай жетілдіру: белгілі модельге сөздерді таңдай алуын дамыту;

13) балаларды фонематикалық синтезді жүзеге асыруға оқыту: дыбыстардың берілген ретімен сөз құрастыру.

99. Фонематикалық түсініктерін қалыптастыру:

1) балаларда сөздегі буындар санын, сөздегі дыбыстың белгілі бір орнымен, белгілі бір дыбысқа, заттар сипатына, заттар, әрекеттер атауын білдіретін сөздерді атау және таңдай алу икемділігін қалыптастыру;

2) фонематикалық түсініктерді әрі қарай жетілдіру (ұсыну және суреттер бойынша).

100. Дыбыстарды интонациялық ерекшелеп белгілеу:

1) балаларда сөздегі берілген дыбыстарды интонациялық ерекшелеп белгілей алуды әрі қарай жетілдіру.

2) сөздегі дыбысты ерекшелеп белгілей алу икемділігін қалыптастыру.

101. Күтілетін нәтижелер:

1) дауысты дыбыстарды ажырата алады (екпінді және екпінсіз);

2) жуан және жіңішке дауыссыз дыбыстарды ажырата алады;

3) дыбысталуы бойынша сөздерді салыстыра алады, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын таба алады;

4) сәйкес дыбыстарға текшелерден сөздерді құрастыра алады;

5) екпінді буынды ести алады және ерекшелеп белгілейді;

6) сөздегі дыбыстардың орнын анықтай алады;

7) сөздегі буындардың санын анықтай алады;

8) сөйлемдегі сөздердің санын анықтайды;

9) берілген дыбысқа сөздерді таңдай алады;

10) түрлі дыбыстық құрылымдағы үш дыбысты сөздердің дыбыстық талдауын жасау алады;

11) дыбыстың дыбысталуы және айтылуы ерекшеліктеріне талдау жасай алады;

12) дыбыстарды сипаттай алады;

13) сөздің дыбыстық құрамының және сөйлемдердің дайын сызбаларын, модельдерін қолдану және өздігінен құрастыра алу дағдылары бар.

102. Дыбысты айту: сөйлеу тілдік негативизмді жою, еркін есту арқылы қабылдауды және зейінді қалыптастыру, фонематикалық қабылдауды дамыту, фонематикалық түсініктерді қалыптастыру, артикуляция мүшелерін дамыту, артикуляциялық

қозғалыстардың кинестетикалық негіздерін қалыптастыру, сөйлеу тынысын алуға дамыту, сөздің буындық құрылымын қалыптастыру, фонематикалық талдау мен жинақтауға оқыту.

103. Сөйлеу тілдік негативизмді жеңу:

- 1) баланы бірлескен әрекетке тарту және өзара әрекеттену дағдысын қалыптастыру;
- 2) баланы өз күшіне деген сенімділікке тәрбиелеу;
- 3) ойын әрекетіне деген қызығушылықты және ойынға қатыса білуді қалыптастыруды жалғастыру.

104. Еркін есту арқылы қабылдауды және зейінді қалыптастыру:

1) есту зейінін ауыстыра білу, әрекетті сигналдың әр түрлі дыбысталуына қарай орындау біліктерін бекіту. 3-4 нұсқада берілген дыбыстық сигналдарды тани және ажырата білуді дамыту;

- 2) музыкалық аспаптың ақырын және қатты дыбысталуын жіктеу, дыбыстың биіктігін қолмен көрсету біліктерін бекіту;
- 3) дауыстың төмендеуі мен жоғарылауын ажырату біліктерін бекіту;
- 4) минорлық және мажорлық мелодияларды ажырату (көңілді-көңілсіз).

105. Фонематикалық қабылдауды дамыту:

- 1) дыбысталу жағынан ұқсас сөздерді ажырату;
- 2) берілген дауысты дыбысты басқа дауысты дыбыстардың ішінен ерекшелеу;
- 3) сөйлеу тіліндегі сақталғандауыссыз дыбысты басқа дауыссыз дыбыстардың ішінен ерекшелеу;
- 4) сөйлеу тіліндегі сақталған дауыссыз дыбыстармен қатар бұзылысы бар дауыссыз дыбысты ерекшелеу;
- 5) екпінді буынның өзгерісімен буындық қатарды шығару;
- 6) бір дауысты және әр түрлі дауыссыздардың буындық үйлесімділігін шығару;
- 7) қатаң-ұяң дауыссыз дыбыстардың ажыратылуы бойынша буындық үйлесімділіктерін айту (екеуден);
- 8) жуан-жіңішке дауыссыз дыбыстардың ажыратылуы бойынша буындық үйлесімділіктерін айту (екеуден).

106. Фонематикалық түсініктерді дамыту:

- 1) берілген дыбысқа сөз таңдау. Берілген дыбысқа екі буыннан тұратын сөз таңдау;
- 2) берілген дыбысқа сурет таңдау.

107. Жалпы және қол қимылдарын дамыту процесіндегі қимылдардың кинестетикалық және кинетикалық негіздерін қалыптастыру:

- 1) қалып праксисін дамыту (сөздік нұсқау бойынша);
- 2) арнайы жаттығуларда қол қимылын дамыту: қысу, жазу, сілкілеу, қимыл амплитудасын арттыра отырып, біртіндеп қол басын бұлғау.

108. Артикуляция мүшелерін дамыту:

- 1) аркуляциялық аппараттың негізгі мүшелері туралы білімді бекіту;
- 2) артикуляциялық аппаратты еліктеу бойынша орындалатын артикуляциялық ойын жаттығуларын орындау процесінде дыбысты дұрыс айтуды қалыптастыруға дайындау;

3) еліктеу бойынша мимикалық бұлшық ет қимылын дамыту;

4) ерінді, тілді, ұртты нығайтуға арналған массаж.

109. Артикуляциялық қимылдың кинестетикалық негізін қалыптастыру:

1) ерін қалпы туралы түсінікті бекіту, дауысты дыбыстардың артикуляциясындағы ерін қалпын жіктеу;

2) дыбыс туралы көру-есту түсініктерін тірек ете отырып, көтерілген және төмен түскен тіл ұшының қалпы туралы кинестетикалық түсінікті нақтылау;

3) артикуляциялық қимылдың кинестетикалық негізін қалыптастыру: қажетті қимыл көлемін шығаруға бағытталған артикуляциялық қимылды дамыту бойынша статикалық жаттығуларға үйрету: ерінге арналған артикуляциялық жаттығулар, тілге арналған артикуляциялық жаттығулар;

4) артикуляциялық аппараттың мүшелерінің қозғалғыштығын, қимылға көшу қабілетін дамыту, артикуляциялық мүшелерді берілген қалыпта ұстап тұру икемділігін дамыту, санау бойынша, сөздік нұсқау бойынша артикуляциялық жаттығулар кешенін логопедтің үлгісі бойынша орындау.

110. Сөйлеу тынысын алуға үйрету:

1) физиологиялық дұрыс тыныс алуды қалыптастыру: еліктеу бойынша көкеттік-қабырғалық дұрыс тыныс алуға үйрету;

2) ауыздық тыныс шығаруды дамыту: мақсатты бағытталған ауыздық тыныс алудың ұзақтығын дамыту, ауыздық және мұрындық жіктелген тыныс алуды шығару (мұрын арқылы дем алу, дем шығару, ауыз арқылы дем алу, дем шығару, ауызбен дем алу, мұрын арқылы шығару), бағытталған ауа ағынын қалыптастыру.

111. Дауыс күшін дамыту:

1) ақырын және қатты дауысты пайдалана білуді дамыту;

2) дауыс күшін өзгерту, бір тыныс алғанда дауыстың күшін ақырыннан қаттыға дейін өзгертуге үйрету.

112. Дыбыс айтуды қалыптастыру:

1) дауысты дыбыстарды әр түрлі фонетикалық жағдайларда автоматтандыру және жіктеу;

2) ерте онтогенез дауыссыз дыбыстарын сөйлемдер мен шағын мәтіндерде дұрыс айту дағдысын бекіту, ерте онтогенез дауыссыз дыбыстарын әр түрлі фонетикалық жағдайларда дұрыс айтылуын автоматтандыру және жіктеу;

3) к, к', г, г', х, х', л', й, ы, с, с', з, з', л дауыссыз дыбыстарының ұрыс артикуляциясын нақтылау;

4) жоқ немесе бұрмаланып айтылатын дауыссыз дыбыстардың [ц, ш, ж, ч, щ] дұрыс артикуляциясын қалыптастыру, қойылған дыбыстардың: жеке, ашық буында, бітеу буында, тұйық буында, сөзде, сөйлемде дауыстылармен тоғысуын автоматтандыру;

5) сақталған қатаң және үнді дауыссыз дыбыстарды есту арқылы жіктеу. Сақталған қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды есту арқылы жіктеу.

113. Сөздің буындық құрылымын қалыптастыру:

1) қарапайым меңгерілген сөздердің ырғағын қабылдауға және шығаруға (бір мезгілде айту және шапалақтау) үйрету;

2) сөздерді бір мезгілде тақпақтарда айта және шапалақтай отырып, таза айтуға берілген буындарды дұрыс айтуға үйрету;

3) дауыссыздың тоғысуымен екі буыннан құралатын сөздердегі ырғақтық сурет пен екпінді буынды дұрыс айта отырып, сөздің буындық құрамын қалыптастыру;

4) үш буыннан құралатын, бітеу буыны бар сөздердегі ырғақтық сурет пен екпінді буынды дұрыс айта отырып, сөздің буындық құрамын қалыптастыру;

5) үш буыннан құралатын сөздердегі ырғақтық сурет пен екпінді буынды дұрыс айта отырып, сөздің буындық құрамын қалыптастыру;

6) дауыссыз дыбыстардың тоғысуын айту.

114. Фонематикалық талдау мен жинақтауға үйрету:

1) сөз құрамындағы дауысты дыбысты (басында, ортасында, соңында) ерекшелеу икемділігін бекіту;

2) дыбыс ағынындағы дауыссыз дыбысты ерекшелеу: сөз басында естілетін дауыссыз дыбысты ерекшелеу, сөз соңында естілетін дауыссыз дыбысты ерекшелеу, сөз ортасында естілетін дауыссыз дыбысты ерекшелеу;

3) дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы түссініктерді қалыптастыру;

4) буындағы, сөздегі және сөйлемдердегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Дауысты-дауыссыз дыбыстардың үйлесімділігіндегі дыбыстардың саны мен дәйектілігін анықтау;

5) сөздегі дыбыс сандарын анықтай білуге үйрету.

115. Күтілетін нәтижелер:

1) есту зейінін қосады, әрекетті сигналдың әр түрлі дыбысталуына сәйкес орындайды;

2) 3-4 сигналдың ішінен тұрмыстық шуды таниды және ажыратады;

3) сөйлеу тілінің ақырын және қатты дыбысталуын ажыратады;

4) сөйлеу тілінің дыбысталу қарқынын (баяу-жылдам) ажыратады;

5) жеке фонемаларды ажыратады;

6) дыбысталу бойынша жақын буындарды жіктейді;

7) дыбысталуы бойынша ұқсас дыбысқа еліктеуді, сөздерді ажыратады;

8) берілген дауысты дыбысты басқа дауысты дыбыстардың ішінен ерекшелейді;

9) артикуляциялық аппараттың негізгі мүшелерін біледі;

10) ерінге арналған жаттығуды орындайды;

11) тілге арналған жаттығуды орындайды;

12) логопедтің үлгісі бойынша артикуляциялық жаттығулар кешенін орындайды;

13) мақсатты бағытталған ауыз арқылы ұзақ дем шығаруды орындайды;

14) ақырын және қатты дауысты пайдалана біледі;

15) дауысты дыбыстарды дұрыс айтады;

16) ерте онтогенездің дауыссыз дыбыстарын дұрыс айтады;

17) шақырылған дауыссыз дыбыстарды буында, сөзде, сөйлемде дұрыс пайдаланады;

18) үннің қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді болып ерекшеленетін дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажыратады;

19) үннің қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді болып ерекшеленетін сақталған дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажыратады;

20) бір, екі және үш буынды сөздердегі ырғақтық суретті шығарады;

21) сөз құрамындағы дауысты дыбысты (басында, ортасында, соңында) ерекшелейді;

22) сөз құрамындағы дауыссыз дыбысты (басында, ортасында, соңында) ерекшелейді;

23) дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы түсінігі бар.

